

## Қоңыржай белдеу

Қоңыржай белдеудің басты ерекшелігі маусымның болуы: екі негізгі, қыс және жаз, және екі аралық – көктем мен күз. Ең суық айдың температурасы әдетте 0 °С-ден төмен, ал ең жылы айдың +15 °С-тан жоғары. Қыста қоңыржай белдеуде тұрақты қар жамылғысы болу керек. Қоңырай белдеудің көпшілігінде жауын-шашын мөлшері 500-800 мм.

Қоңыржай климат қыс пен жаздың қасиеттері бойынша әр түрлі, әдетте келесі климат типтеріне бөлінеді: *Теңіздік, Қоңыржай континентті, Шұғыл континентті, Муссондық.*

### Солтүстік Американың қоңыржай белдеуі

*Қоңыржай белдеу* – Солтүстік Американың ең кең климаттық белдеуі, ол АҚШ-тың солтүстігі мен Канаданың оңтүстік бөлігін алады. Қоңыржай белдеу үш секторға бөлінеді. Олардың ішінде климаты ең жұмсақ – *батысы*. Жылы Солтүстік-Тынықмұхиттық ағыс әсерінен мұнда жауын-шашын мөлшері үлкен, көбінесе қыста жауады. Орташа жауын-шашын мөлшері мұнда 2000-нан 3000 мм-ге дейін. Жазы салқын, температурасы +8 - +16°С. Қысы салыстырмалы түрде жылы – солтүстігінде 0 –ден -16°С-қа дейін. *Орталық сектор* климаты қаталдау. Мұнда континентальді және шұғыл-континентті климат типтері байқалады. Жауын-шашын мөлшері, орташа алғанда жылына 250-ден 500 мм-ге дейін. Бұлтсыз күндер көп болғандықтан (мұхиттан алыс орналасуға байланысты) мұнда температуралар амплитудасы үлкен – жазда +16 - +24°С-тан қыста -8 -32°С-қа дейін. *Шығыс сектор* муссондардың әсерінде. Жауын-шашын мөлшері мұнда Атлант мұхитының жағалауында 2000 мм-ден материктің ішінде 500-1000 мм-ге дейін. Мұнда жазы жылы +16 - +24°С және салқын, бірақ салыстырмалы түрде жылы, қарлы қыс, температуралары 0-ден -16°С-қа дейін.

### Еуразия материгінің қоңыржай климаты

*Қоңыржай теңіздік климат* – мұхиттар үстінде қалыптасатын және материктің жағалауларында таралатын климат. Орташа жылдық температуралары оң, тәуліктік және жылдық амплитудалар аз, қысы жылы, жазы ыстық емес, ылғалдылығы жоғары (орташа жылына 900-1200 мм). Оған Атлант мұхитының ауа массалары зор ықпал етеді.

Қыста тұрақсыз жауын-шашынды және тұманды ауа-райы тән, ең суық айдың температурасы 1-ден 6 °С-қа дейін, аяз бен қардың жаууы сирек. Жаздың орташа температурасы +10+18°С. Жылдық жауын-шашын мөлшері 1000 мм-ге жуық, сондықтан ылғалдылық жоғары.

Келесі климат түрі – *континентті*. Атлант мұхитынан келетін ауа массалары трансформацияға ұшырап, континентальді ауа массаларының ықпалы жоғарылайды. Мұнда теңіздік климатпен салыстырғанда жауын-шашын мөлшері аздау, температура амплитудасы жоғары, аязды кезеңдер болады.

Температура солтүстік аймақтарында -40 °С –қа дейін төмендейді. 50-ші параллельден солтүстікке қарай жазы салқын. Жауын-шашын мөлшері 500-ден 1000 мм-ге дейін, ылғалды. Оңтүстік бөлігінде температуралар амплитудасы жоғары болмайды, қысы қоңыржай суық болады. Жазы жылы, шілденің орташа температурасы +12 +20 °С, ылғалдылығы солтүстік аудандарға қарағанда төмендейді.

Еуразияның ішкі аудандары *шұғыл континентті* климатқа жатады, оларға материкшілік ауа массалары әсер етеді. Азиялық максимумның әсерінен бұл облыстарға суық қыс тән болады. Тұрақты төмен температуралар әсерінен шығыс аудандарда көпжылдық мәңгі тоң қалыптасады. Жылдық жауын-шашын мөлшері 200 мм-ге жуық және көбінесе жазда жауады. Шілденің орташа температурасы оңтүстікке қарай 30 °С-ты құрайды. Ылғалдылық төмен.

Материктің шығысында *муссондық климат* таралған. Мұнда қыста қатты желді, құрғақ аязды ауа-райы тән. Жазда оңтүстік-шығыс муссоны соғады, ол ылғалды тұрақсыз ауаны тасымалдайды .

#### *Дерек көздері:*

- <http://www.ecosystema.ru/08nature/world/geoworld/05-3.htm>
- <http://geography7.wikidot.com/climate-of-north-america>